

Оспан батыр

Мазмұны

- Өмір баяны
- Күресі
- Шығыс Түркістан республикасы, «үш аймақ » және гоминдан
- Ұлысөзі
- Батырдың шет елдегі ықпалы
- Кітапнама

Өмір баяны

Оспан батыр (Оспан Исламұлы) (қаз. *Оспан батыр*; *وسپان باتر*; түр. *Osman Batur*; қыт. 欧斯曼·巴图尔; (1899—1951) — 20 ғ. алғашқы жартысында Шығыс Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт азаттық қозғалысының көсемі. Алтай қазағы.



1899 жылы Алтай
аймағының Көктоғай өңірінде туған. 12
жасында қазақ серкелерінің бірі Бөке
батырдың қасына келді.

1951 ж. сәуірдің 29-
ында Үрімжіде қытайлар тарапынан өлім
жазасына кесілді.

Күресі

1911 жылы Бөке батырдың жағында қытайлар және орыстарға қарсы күрес бастаған Оспан батыр бүкіл Алтай жерін және Шығыс Түркістанның қытайлар және орыстардан азат етілуін мақсат етіп қойды. Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Қытай үкіметі тарапынан Шығыс Түркістан жеріндегі түркі халықтарына қарсы қысым күшейгенімен бірге түркі халықтарының жауап әрекеттері де күшейе түсіп, Оспан батырдың көтерілуіне себеп болған жағдай қалыптасты.

Алтайды қытайлардан тазалай бастаған Оспан батыр, 1943 жылы мақсатына жеткендей болып көрінді. 1943 жылы шілденің 22 Бұлғында жасалған жиында Оспан батыр Алтай қазақтарының ханы болып жарияланды.

1945 жылының басында Шығыс Түркістанда бірнеше қала сыртында бақылау көтерілісшілердің қолына түсті. Жағдай қытайлар үшін бұдан артық төзгісіз болып және одан да қауіпті жағдай қалыптаспайынша Қытай әскерлері өлкеде қатаң және жойқын операциялар өткізді. Тарбағатай және Алтайдан шығарылған Оспан батыр күрес отыз мың кісімен бастаса да 1950 жж. басында осы сан шамамен төрт мың ғана болды. Бұл санға әйелдер және бала-шаға да кіреді.

1951 жылы Қанамбалда қоршалған Оспан батыр тұтқын болды, Үрімжіге жөнелтілді.

Оспан батыр, халық арасында жүргізіліп көрсетілді және 1951 ж. сәуірдің 29-шы күні үкім бойынша өлімге кесілді.

Шығыс Түркістан республикасы, «үш аймақ» және гоминдан

Совет өкіметі өз қажеттілігі үшін 1944 жылы Әлихан төренің басшылығында Шығыс Түркістан үкіметін құрды. Шын мәнісінде ол мемлекет дәрежесіндегі, республика деңгейіндегі үлкен үкімет болып құрылған.

Оспан батыр 1945 жылы қыркүйекте осы үкіметтің құрамында Алтай аймағының губернаторы болып тағайындалды.



Совет үкіметі алғашқыда Оспан батырды қолдағанмен, Шығыс Түркістан деген атаудан үрікті. Шығыс Түркістан мемлекетінің атын кейін «Үш аймақ» үкіметі деп өзгертті. – Ол үкіметтің елін, жерін шынайы қорғаудан гөрі Совет одағының сойылын соға бастағанын білгеннен кейін одан бас тартып, ең үлкен жауына айналады.

Бұл үкіметтен көңілі қалған Оспан батыр 1946 жылы Гоминданшыл қытайлармен де одақтасып, жеріне, еліне төніп келе жатқан қызылдардың қызыл тасқынынан сақтануды мақсат етеді



Солдан оңға қарай: Оспан батыр, маршал Чойбалсан және Совет одағының өкілі И.Иванов. Қытай, 1945 жыл

Ұлысөзі

“Қазақ үшін сайтанмен сөйлесуге де бармын!”

Оспан батыр

Батырдың шет елдегі ықпалы

ТАЙВАНДА ОСПАН БАТЫРДЫ ҰЛТ ҚАҒАРМАНЫ ДЕП ТАНИДЫ

Қытай мен Тайванда Шығыс Түркістан ұлт-азаттық көтерілісіне екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Біріншісі – Оспан батырды банды, коммунизмге және ел тұтастығына қарсы адам ретінде бағалайды. Кезінде солай айыптап, ату жазасына бұйырғаны белгілі.

Ал, Тайванда керісінше, олар оның Гоминдандарды жақтағанына орай және Моңғолияның шекарадағы арандату ісіне, Бәйтік оқиғасына байланысты оны отансүйгіш батыр ретінде көрсетеді.

«ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН АҢИЗЫ»

Стамбулдағы Мимар-Синан университетінің профессоры, тарихшы Әбдіуақап Қара Америка және Еуропа ғалымдарының Оспан батыр жайындағы еңбектерін былай сабақтады:

– Оспан батыр туралы зерттеулер Қазақстаннан гөрі шетелдерде көбірек жазылды. Әсіресе, Америка мен Англия, Түркия ғалымдары.

Оспан батырды зерттеуге Батыстың назары сонау 1947 жылы ауған екен. Әсіресе, 1947 жылғы Бәйтiк Боғда уақиғасынан кейiн Қытайдағы американ және ағылшын дипломатиялық баяндамаларында оның аты атала бастаған.

Кітапнама

- Бармин К. В. К вопросу оценки деятельности Оспан-батыра в Синьцзяне в 1944—1946 жж.
- *Godfrey Lias, Kazak Exodus, London: Evan Brothers Limited (1956)*
- *Halife Altay, Anayurttan Anadolu'ya, Ankara: Kültür Bakanlığı (1981).*
- *Halife Altay, Kazak Türklerine aid şecere, Istanbul (1997)*
- *Gülçin Çandarlıoğlu, Özgürlük Yolu, Nurgocay Batur'un Anılarıyla Osman Batur, Istanbul: Doğu Kütüphanesi, 2006.*
- Зордун Сабир, Анаюрт, Алматы: «Наш Мир» (2006)
- *Zordun Sabir, Anayurt, Almaty: Nash Mir (2006) (ұйғ.)*
- *Hızır Bek Gayretullah, Osman Batur, (түрік.)*
- *Hızır Bek Gayretullah, Altaylarda Kanlı Günler, 1977 (түрік.)*



Osman Bature

ANILDI
TEBARITI



